

FTAMP 20.51.17

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚҚА ЖОЛ

ҚАТАЕВ Н.С., ЕРКІНҚЫЗЫ А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Андатпа. Цифрлық білім – заманауи оқытудың басты кілті. Бұл мақалада заман талабына сай дәстүрлі оқыту жүйесін алмастырған цифрлық оқыту, және цифрлық білім контентін жасаудың басты тәсілі болып табылатын кең қолданыста жүрген бағдарламаларды мұғалімдерге және білім алушыларға үйрету басты назарға алынады. Сондай-ақ, Socrative және Canva сервистерінің жұмысы таныстырылатын болады.

Түйін сөздер: цифрландыру, цифрлық оқыту, цифрлық білім беру ресурстары, Socrative, Canva сервистері, Tilda Publishing.

Аннотация. Цифровое образование - главный ключ к современному обучению. В этой статье основное внимание уделяется цифровому обучению, которое заменило традиционную систему обучения, отвечающую современным требованиям, и обучению учителей и обучающихся широко используемым программам, которые являются основным способом создания цифрового образовательного контента. Также будет представлена работа сервисов Socrative и Canva.

Ключевые слова: цифровизация, цифровое обучение, цифровые образовательные ресурсы, сервисы Socrative, Canva, Tilda Publishing.

Annotation. Digital education is the key to modern learning. This article focuses on digital learning, which has replaced the traditional learning system that meets modern requirements, and educating teachers and students in widely used programs that are the main way to create digital educational content. The work of the Socrative and Canvas services will also be presented.

Key words: digitalization, digital learning, digital educational resources, Socrative services, Canva, Tilda Publishing.

Цифрландыру – қазіргі күн тәртібіндегі өзекті тақырып. Соның ішінде, цифрлық білім беру – ең басты бағыттардың бірі болып табылады. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Сондай-ақ, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керектігін басты назарға алып, айтып өткен болатын [1].

Зерттеулерде оқыту үдерісіндегі цифрлық білім беру ресурстарын қолдану бойынша төмендегідей компоненттер анықталған:

1. Цифрлық білім берудегі уәждемелік-мақсатты компонент: интерактивті тапсырмалар, тесттер, мультимедиялық презентациялар, автоматтандырылған сауалнамалар.

2. Цифрлық білім берудегі мазмұнды компонент: жаңа тақырыпты мультимедиалық тұрғыдан түсіндіру, бейнефильмдер, ойын презентациялары, фото топтамалар, дыбысталған мәтіндер, мұрағаттық құжаттар;

3. Цифрлық білім берудегі амалдық-іс-әрекеттік компонент: электрондық түрдегі зертханалық жұмыстар, тапсырмалар, практикумдар, есептер жинағы, конструкторлар, сөздіктер, интерактивті ойындар мен карталар;

4. Цифрлық білім берудегі бағалау-нәтижелі компонент: тақырыптық, тоқсандық, жылдық қорытынды бойынша тест бағдарламалары [2].

Цифрлық білім беру контенттерін жасаудың басты әдісі – бұл қолданыстағы бағдарламаларды пайдалануға мұғалімдер мен білім алушыларды үйрету.

Socrative servisi.

Socrative – тест, викторина және сауалнамаларды жылдам құруға мүмкіндік беретін қызметші сервис. Сонымен бірге, Socrative тест нәтижелерін сол сәтте көрсетіп, тек бүкіл сыныптың ғана емес, әрбір білім алушының сабақ үлгерімін бағалау мүмкіндігін ұсынады. Бұл сервис әрбір мұғалімнің сабағын қызықты, әрі нәтижелі өткізіп, бағалауда уақыт үнемдеуіне көмекші. Сервисте жұмыс жасау – өте оңай, әрі ыңғайлы.

Сервисте жұмыс жасау реті төмендегідей:

1-қадам: «Сайтқа өту».

Кез-келген браузерден <https://www.socrative.com/> сілтемесі арқылы сайтқа өтеміз (1-сурет). Сайт тегін және ақылы түрдегі қызметтерін ұсынады. Тегін түрде ұсынатын қызметте тек 1 тестті ғана пайдаланып, қосылатын білім алушы саны 50-ден аспаса, ақылы түрде бір уақытта 20 тестті қосуға мүмкіндік алып, 200-ге жуық білім алушының білімін бағалай аламыз.



Сурет 1. Socrative сервисі


2-қадам: «Тіркелу».

Сервиске «Teacher login» және «Student login»-мен қосыламыз. «Teacher login» әдеттегідей өзіміз туралы мәліметтерді енгізіп тіркелуді қажет етеді. Немесе Google аккаунттың көмегімен де қызметші сервиске тіркеле аламыз. Ал, білім алушы үшін арнайы тіркелудің қажеттілігі туындамайды. Тек мұғалім құрған «Room» атауын (мұғалім өзі жазады, білім алушыларға жазуға жеңіл болғаны дұрысырақ) пернетақтадан енгізіп қосылса болғаны.

3-қадам: «Тест құру».

Тіркеліп болғаннан кейін, тест құруды бастаймыз. Интерфейстен Quizzes → +Add Quiz → Create New батырмаларын басамыз. Тапсырманы үш түрде дайындауға болады. Олар:

- көп нұсқалы (2-сурет);
- ақиқат/жалған;
- қысқа жауапты.




Сурет 2. Көп нұсқалы тест құру

Дайын болған тестімізді сақтаймыз.

4-қадам: «Тестті іске қосу».

Тестті мұғалім екі түрде іске қоса алады (3-сурет). Біріншісі – қарапайым түрде әр білім алушының жеке қосылуы («Quiz» батырмасы). Екіншісі – жарыс түрінде білім алушылардың топқа бөлінуі («Space race» батырмасы). Одан әрі тестті таңдаймыз (Choose Quiz). Егер топқа бөлінуді таңдасақ, білім алушы санына қарай бөлінетін топтың санын көрсетеміз. Топты автоматты түрде компьютер (Auto assign) немесе білім алушылар өздері (Student Choose) таңдай алады.



Сурет 3. Жарыс түріндегі тесттің іске қосылуы

5-қадам: «Білім алушылардың тестке қосылуы».

Мұғалім дайындаған кілттік сөз (Room Name) барлық білім алушыларға айтылады. Білім алушылар сайтқа қосылып, өз-жауаптарын белгілейді.

6-қадам: «Тест аяқтау және тест нәтижесі».

Тесттің нәтижесін тест біткен сәтте бірден көре аласыз (пайызбен бағаланады). Сондай-ақ, әрбір білім алушының тізімі, олар белгілеген жауаптың дұрыс, дұрыс еместігі барлығы көрсетілген (4-сурет).

Name ↑	Score (%)	1	2	3
ASSEL	33%	C	False	Процессо
AZAMAT	67%	A	True	Компьютер
Class Total		50%	50%	50%

Click question numbers or class total percentages for detailed views.

Сурет 4. Тест нәтижелері

Нәтижелер жүйеде сақталады. Немесе алынған нәтижелерді PDF, XLSX форматтарында сақтау мүмкіндіктері қарастырылған.

Socrative сервисінің пайдалы жағы тестті тек орындап қана қоймай, дұрыс жауаптарды әр білім алушы тест барысында, немесе тест соңында көре алады. Бұл сервис қатемен жұмыс жасауда, білім алушының өз білімін бағалауда өте тиімді. Сабақты дәстүрлі

түрде емес, осы цифрлық ресурстың көмегімен өткізу – білім алушының назарын сабаққа аударып, сабақты жақсы түсінуіне оң ықпалын берері сөзсіз.

Canva сервисі.


Canva – графикалық дизайнерды, шаблондарды және фотосуреттер, музыка, сондай-ақ видеоларды біріктіретін платформалық медиа-құрал.

Компанияны Мелани Перкинс 2012-жылдың 1-қаңтарында Австралияның Сидней қаласында құрған болатын [3].

Canva сервисінің нұсқалары:

1. <https://www.canva.com/> сілтемесі арқылы браузерде жұмыс істей аламыз.
2. Mac және Windows компьютерлері үшін программаны жүктеп ала аламыз.
3. iOS пен Android-те смартфондар пен планшеттерге арналған қосымшасы бар.

Canva көмегімен жасай аламыз: видеопрезентация, логотип, презентация, плакат, түйіндеме, инфографика, диаграмма, А4 форматындағы құжат, видео, анимация, сайт, сертификат, буклет, хабарландыру, сабақ кестесі және т.б. (5-сурет).



Сурет 5. Canva мүмкіндіктері

Canva-мен жұмысты бастау үшін өзіміздің Google аккаунтымызбен немесе Facebook парақшамыз арқылы қосыламыз. Электрондық пошта арқылы да тіркелуімізге болады.


Canva мүмкіндіктері:

1. Редакторда жұмыс жасау жеңіл, әрі ыңғайлы. Орындалатын әрекеттер: жылжыту, өлшемін өзгерту, қию, бояу, айналдыру т.б.
2. Сервистегі фотосуреттер векторлық, олардың өлшемін ұлғайтқанда сапаны жоғалтпайды.

3. Дизайнға арналған дайын ресурстар мен құралдар: шаблондар, фотосуреттер, видеолар, музыкалар, фигуралар, қаріптер, стикерлер және т.б.
4. Бума көмегімен өзіміздің компьютеріміздегі (планшет, смартфондардағы т.б.) фотосуреттерімізді, видеоларымызды енгізуге болады.
5. Жетілдірілген презентация құралы.
6. Барлық құрылғылармен үйлесімді.

Дайын дизайнды сақтау және жариялау.

Дайын дизайнды қолжетімді PDF, JPG, PNG, GIF және MP4 форматында сақтай аламыз (6-сурет). Сондай-ақ, Facebook, Twitter, Instagram, Pinterest, LinkedIn, Slack әлеуметтік желілеріне жариялап, электрондық поштамызға жіберіп алсақ болады.



Сурет 6. MP4 форматында сақталған видеопрезентация

Сонымен, *Canva* – бұл барынша кең аудиторияға арналған жан-жақты құрал. Кез-келген стильде және көптеген шаблон жасаудағы мүмкіндігі орасан. Әрбір мұғалімге сабаққа дайындалу барысында көмекші құрал. *Canva* ұсынған дайын шаблондар мұғалімнің уақытын үнемдеуіне, оқу материалдарын қызықты презентациялармен көрсете білуіне барынша жағдай жасайды.

Міне, осындай оқыту процесін ұйымдастыруда тиімді цифрлық білім беру технологияларын зерттей және жинақтай келе, әрбір мұғалімге пайдалы өзімнің веб-сайтымды құрдым. Веб-сайтты құру барысында *Tilda Publishing* сервисін пайдаландым.

Tilda Publishing – бұл арнайы бағдарламалау дағдыларын қажет етпейтін сайт құрастырушы сервис. 2014 жылы сервисің негізін қалаған арт-директор Никита Обухов болды. <https://tilda.cc/ru/> сілтемесі бойынша сайтқа өтіп, өз сайтыңызды құра аласыз.

Tilda Publishing артықшылықтары:

- ақысыз қызмет түрлері (50 веб-парақтан тұратын сайт жасау мүмкіндігі);
- сайты бағдарламалау тілін меңгермей-ақ, дайын блоктар (сайт мұқабасы, мәзір, мәтін, сурет, видео, шаблондар) қою арқылы құру;
- экспорттау мүмкіндігі;
- API-ге қолжетімділік т.б.

Мен құрған веб-сайтта Socrative, Canva бағдарламаларынан бөлек, Class Dojo, Quizziz, Pixton, Hot potatoes, No Hands бағдарламалары туралы айтылады. Бұл сайттағы мәліметтерді жазу барысында әр бағдарламамен жұмыс жасап үйреніп, пайдалы жақтарына көз жеткіздім. Бұл технологиялармен шектелмей, ресурстың көлемін ұлғайту мақсатында сайт әлі жасалу үстінде. Сайтқа бейнесабақтар және интерактивті тапсырмалар қосу жоспарлануда. Сайтты <http://usefulsite.tilda.ws/> сілтемесі бойынша көре аласыз.

Бұл ресурсты жасаудағы мендегі басты мақсат: мұғалімдерге қажетті цифрлық білім беру технологиялары туралы ақпаратты бір жерге шоғырландыра отырып, нәтижесінде оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау, білім алушылардың және мұғалімдердің цифрлық технологияларды қолдану үшін қажетті білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, цифрлық сауаттылық деңгейін көтеру.

Ақпараттық технологиялар саласындағы Алибаба Груп компаниясының негізін қалаушы Джек Ма: «Ақпараттық технологиялар туралы ойлауды ұмытыңыз. Ол – кешегі күн. Бүгінгі digitalization (диджитализация) – бұл соңғы тренд. Бұл трендке көшу дегеніміз – біздің қолымызда өте ауқымды мәліметтерді өңдей алатын жетілген, ақылды технологиялар пайда болды деген сөз» деп айтып өткен болатын [4]. Иә, біз қазір ақпараттық дәуірден цифрлық дәуірге аяқ бастық. Бүгінгі күннің озық технологиялары әрбір адамның ой-өрісін кеңейтеді. Саналы, сауатты, білімді, шығармашыл, жан-жақты тұлға қалыптастыруда цифрлық білімнің маңызы жоғары.

Білім саласындағы цифрландыру мәселесі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағытында, *адам капиталын дамыту* үрдісімен сабақтасады. «Адами капитал» ұғымын алғаш рет ғылыми ортаға енгізген Нобель сыйлығының иегері, экономист Теодор Шульц терминге «Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы туа және жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді адами капитал дейміз» сынды анықтама берген-ді [5]. Ендеше, біздің алдымыздағы басты мақсат – даму, даму және тағы да даму. Сонда ғана біздің мемлекетіміз дамыған 30 елдің қатарына кіріп, бәсекелестік қабілеттілікке ие алпауыт елдердің алдыңғы қатарынан орын аларымыз сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы. Астана, 2017.
2. Тульбасова Б.К., Салыкова А.Н. Особенности использования цифровых образовательных ресурсов в средней школе // Вест.КазНПУ им.Абая. Сер.физ-мат – 2020. – №1 (69). –С. 437-438 (журнал мақалалары)
3. Canva // Материал из Википедии. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Canva> (дата обращения: 19.11.2020) – (интернет көздері)
4. Әліпбай С. Цифрландыру сиқыры. – Егемен Қазақстан, 2017. №234. – Б.5. (газет мақалалары)
5. Құрманбаева Ш.А., Тулентаева К.А. Цифрлы қазақстан: білім беру саласы мәселелері // Высшая школа: традиции и инновации: мат-лы междунар. науч.-прак. конф.– Семей: «Интеллект», 2018.- С. 6 – (конференция материалдары)